

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Иманмолдаева Бақыттыжамал Заманханқызының «Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Б.З. Иманмолдаеваның диссертациялық жұмысы қазіргі кезеңдегі философиялық зерттеулердің өзекті тақырыптарының бірі болып табылатын ұлттық бірегейлік мәселесінің жаңа бір қырын зерттеуге арналған. Диссертация тақырыбының өзектілігі заманауи жағдайдағы адам, қоғам болмысында жүріп жатқан өзгерістер мен трансформациялану құбылыстарына теориялық және философиялық – әдіснамалық зерттеулер жүргізу қажеттілігімен айқындалады. Мұнда ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамытудағы ұрпақтар сабақтастығы феноменінің рөлі, оның қоғамдық санадағы, құндылық ұстанымдарының жүйесіндегі орнын анықтау мақсаты алға тартылады. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы ұрпақтар сабақтастығының ұлттық бірегейлікке қатынасы мен қазіргі жай-күйінің философиялық негіздері зерттеліп, оның болашақтағы саяси-әлеуметтік бағдарларына болжам жасалады.

Диссертациялық зерттеудің басты мақсаты – қазіргі кезеңдегі ұрпақтар сабақтастығының ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы факторлардың бірі екендігін әлеуметтік- философиялық тұрғыдан талдап, оның заңдылықтарын, жүйелі түрде негіздеу. Ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлік концепттерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздемелерін салыстыра қарастыру арқылы диссертант қойылған мәселені шешудің нақтылы әлеуметтік – философиялық қырларына ден қойып, зерттеу пәніне сәйкес ой елегінен өткізіп, мәселенің негізгі тұстарының мәнін ашады.

Б.З.Иманмолдаева мәдени-тарихи тәсілге, тарихилық пен логикалықтың диалектикалық бірлігі принципіне, кең ұсынылған әдебиетке сүйене отырып, салыстырмалы және герменевтикалық талдауды қолданып, философияның әртүрлі бағыттағы өкілдерінің әр-алуан көзқарастарының түсіндіру мүмкіндіктері мен үдерістерінде көрініс тапқан ойларын сан түрлі байланыста ашып көрсетеді. Атқарылған жұмыс оның авторының зерттеудің мәселелер өрісі мен тақырыптың зерттелу деңгейін жете білуі, ғылыми әдебиеттер мен зерттеудің әдіснамалық негізін терең меңгергендігін көрсетеді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми-теориялық және практикалық маңызы зор деуге болады, өйткені оның нәтижелері жаңашылдыққа ие бола отырып, ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудың инновациялық идеяларын одан әрі дамытуға, қазақ философиясының мәселелері аясын кеңейтуге, оның әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар

кешенімен, Қазақстандағы рухани жаңғыру үдерістерін идеологиялық жағынан қамтамасыз етумен, қазіргі білім беруді ізгілендірумен байланысын кеңейтуге ықпалы сөзсіз.

Диссертацияда алынған нәтижелер мемлекеттік саясатты идеялық-құндылықтық жағынан қолдауға, тәрбие саласында жаңа қазақстандық патриотизмді, қоғамдық сананы жаңғырту және оның бағдарламаларын табысты жүзеге асыруға, «Жаңа Қазақстан» стратегиясының дүниетанымдық тұғырын теориялық негіздеуге және нығайтуға ықпал етеді.

Қорғауға ұсынылған қорытындылар мазмұнды және диссертациялық зерттеуде жоғары ғылыми-теориялық деңгейде баяндалған дәлелді негізге ие. Оның авторы өзінің философиялық біліктілігін, заманауи зерттеу аппаратын игергендігін және бастапқы дереккөздерді білетіндігін байқатады. Диссертациялық жұмыстың барлық бөліктері ішкі логикалық байланыста, зерттеу міндеттері реттелген және бір-біріне ықпал ете отырып жалпы мақсатқа бағындырылған. Мәтіннің мазмұндалуы дәйекті, қорғауға ұсынылған ұйғарымдары дәлелді және өзара байланысты, тақырып жүйелі түрде кеңінен ашылған.

Б.З.Иманмолдаева докторантурада білім алу процесі кезінде және диссертациялық еңбекті жазу барысында өз ісіне деген жауапкершілік пен жұмыс істеуде адалдығын көрсетті. Оған қажетті философиялық әдебиеттерді сыни тұрғыдан зерделеу мен қазақ философиясының бай мазмұнын игеру, зерттеу тақырыбын толықтай және мазмұнды ашуға мүмкіндік жасады.

Б.З.Иманмолдаева диссертация тақырыбы бойынша 3 мақала Халықаралық нөлдік емес Импакт-фактормен индекстелген Scopus журналдар базасына кіретін басылымдарда және 5 мақала Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, басқа да басылымдарда, барлығы 16 мақала жариялады. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде баяндалған.

Б.З.Иманмолдаеваның: «Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы, PhD бағдарламасы және Философия мамандығы бойынша ғылыми диссертациялық зерттеуге қойылатын талаптар мен ережелеріне сәйкес орындалған. Диссертант Б.З.Иманмолдаева 6D020100 «Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Отандық ғылыми кеңесші:

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы



Ж.А. Кабаева
«Абай атындағы ҚазҰПУ»
РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
КОЛЫ
ПОДПИСЬ